


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

4(12)2025



ӘОЖ 18.07.43

КӨРКЕМӨНЕРДЕГІ АРХЕТИПТІ СЮЖЕТТЕРДІҢ ШЫҒУ ПРОБЛЕМАСЫ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ АРХЕТИПТІК КӨРІНІСТЕР

Қ.С. Оразқұлова

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада «архетип» терминінің шығу тегі және оның көркем өнермен генетикалық байланысы егжей-тегжейлі талданады. Өздігінен пайда болатын психикалық процестерден туындайтын К. Г. Юнгтің бейсаналық бинарлы архетиптері бейсаналық құрылымдардан көркем образға көшудің негізі ретінде жұмыс істейді және әлемдік көркем өнердегі бейнелеу мотивтерінің әмбебаптандырылуын қамтамасыз етеді деген қорытындыға келді. Сонымен қатар, әр этностың дүниетанымдық тәжірибесі мен көрнекі қабылдауының ерекшелігі ұлттық көркемдік бейненің өзіне тән ерекшеліктерін қалыптастырады.

Архетиптердің тұрақтылығы мен «мәңгілігі» мифтер, аңыздар және көркемдік тәжірибелер арқылы бейнелердің үздіксіз қайталануынан көрінеді. Сонымен қатар, мифтер мен архетиптік сюжеттердің пайда болуы тек ұжымдық бейсаналықтан ғана емес: әмбебап космологиялық және әлеуметтік құрылымдарға бағдарланғанына қарамастан, мәдени тұрғыдан анықталған әлеуметтік бейсаналық, «ғалам мен қоғам» жақындасатын және мифологиялық кейіпкерлердің жеке тұлғалары құрылатын кеңістікті қалыптастыратын маңызды рөл атқарады. Мақаланың мақсаты – көркемөнердегі архетипті сюжеттердің шығу проблемасы және бейнелеу өнеріндегі архетиптік көріністерді әлемдік көркем өнердің әмбебаптылығы мен қазақтың ұлттық өнеріндегі архетиптерді ғылыми тұрғыдан зерттеу.

Әлемдік көркем өнер мен қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік өзгергіштікке ие болатын тұрақты қайталанатын сюжеттік, фольклорлық, символдық және поэтикалық бейнелерді байқауға болады. Олардың интерпретациясы З. Фрейд пен К.Г. Юнг архетиптерінің психологиялық тұжырымдамаларына сүйенеді, бұл әр түрлі дәуірлердегі суретшілердің шығармашылығында өткеннен қазіргі заманға дейінгі осы образдардың тұрақты қайталану механизмдерін байқауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің әдіснамалық негізі өнертану, мәдениеттану, психоаналитикалық теория және компаративті талдау әдістерін біріктіретін пәнаралық тәсілге негізделген. Жұмыста ұжымдық бейсаналық, архетиптік құрылым, өнердегі символдылық теорияларға негізделген З. Фрейд, К.Г. Юнгтің классикалық психологиялық анализ концепцияларына сүйенді. Бұл теориялық ережелер көркемдік бейнені бейсаналық психикалық механизмдер мен мәдени және тарихи тәжірибелердің өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Компаративті талдау әлемдік көркем өнердің әмбебаптылығы мен қазақтың ұлттық өнеріндегі архетиптерді салыстыруға көмектеседі.

Тірек сөздер: архетип, өнердің әмбебаптылығы, мифология, бейнелеу өнері, бейне, сюжет.

Сілтеме жасау үшін: Оразқұлова Қ.С. Көркемөнердегі архетипті сюжеттердің шығу проблемасы және бейнелеу өнеріндегі архетиптік көріністер // MUSEUM.KZ. 2025. №4 (12), 108-116 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.12.10

ПРОБЛЕМА ПРОИСХОЖДЕНИЯ АРХЕТИПИЧЕСКИХ СЮЖЕТОВ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ИСКУССТВЕ И АРХЕТИПИЧЕСКИЕ ПРОЯВЛЕНИЯ В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ

К.С. Оразкулова

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Казахстан)

Аннотация. В статье детально анализируется происхождение термина «архетип» и его генетическая связь с художественным искусством. Делается вывод о том, что бессознательные бинарные архетипы К. Г. Юнга, возникающие из спонтанных психических процессов, функционируют как основание перехода от бессознательных структур к художественному образу и обеспечивают универсализацию изобразительных мотивов в мировом художественном искусстве. При этом специфика мировоззренческого опыта и визуального восприятия каждого этноса формирует характерные особенности национального художественного образа. Постоянство и «вечность» архетипов проявляются в непрерывном воспроизведении образов через мифы, легенды и художественные практики. При этом происхождение мифов и архетипических сюжетов восходит не только к коллективному бессознательному: несмотря на его ориентацию на универсальные космологические и социальные структуры, значимую роль играет и культурно обусловленное общественное бессознательное, формирующее пространство, в котором сближаются «вселенная и общество» и конструируются прединдивидуализированные фигуры мифологических героев. Цель статьи – исследовать проблемы возникновения архетипических сюжетов мирового искусства и универсальности архетипических представлений в изобразительном искусстве и архетипов в казахском национальном искусстве с научной точки зрения.

В мировом художественном искусстве мы наблюдаем устойчивые повторяющиеся сюжетные, фольклорные, символические и поэтические образы, которые в казахском изобразительном искусстве обретают оригинальную вариативность. Их интерпретация опирается на психологические концепции архетипов З. Фрейда и К. Г. Юнга, что позволяет проследить механизмы устойчивого воспроизводства данных образов в творчестве художников разных эпох – от прошлого до современности.

Материалы и методы исследования. Методологическая основа исследования основана на междисциплинарном подходе, сочетающем методы искусствоведения, культурологии, психоаналитической теории и компаративного анализа. В работе автор опирается на концепции классического психологического анализа З. Фрейда и К.Г. Юнга, основанные на теориях бессознательного, архетипической структуры, символики в искусстве. Эти теоретические положения позволяют рассматривать художественные образы как результат взаимодействия бессознательных психических механизмов и культурно-исторического опыта.

Компаративный анализ помогает сопоставить универсальность художественного искусства и архетипов казахского национального искусства.

Ключевые слова: архетип, универсальность искусства, мифология, изобразительное искусство, образ, сюжет.

Для цитирования: Оразкулова К.С. Проблема происхождения архетипических сюжетов в художественном искусстве и архетипические проявления в изобразительном искусстве // MUSEUM.KZ. 2025. №4 (12), с. 108-116. DOI 10.59103/muzkz.2025.12.10

THE PROBLEM OF THE ORIGIN OF ARCHETYPAL SUBJECTS IN ART AND ARCHETYPAL MANIFESTATIONS IN THE VISUAL ARTS

K.S. Orazkulova

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Kazakhstan)

Abstract. The article analyzes in detail the origin of the term "archetype" and its genetic connection with art. It is concluded that the unconscious binary archetypes of C. G. Jung, arising from spontaneous mental processes, function as the basis for the transition from unconscious structures to an artistic image and ensure the universalization of visual motifs in world art. At the same time, the specifics of the ideological experience and visual perception of each ethnic group form the characteristic features of the national artistic image. The constancy and "eternity" of archetypes are manifested in the continuous reproduction of images through myths, legends and artistic practices. At the same time, the origin of myths and archetypal plots goes back not only to the collective unconscious: despite its orientation towards universal cosmological and social structures, the culturally conditioned social unconscious also plays a significant role, forming a space in which the "universe and society" converge and the pre-individualized figures of mythological heroes are constructed. The purpose of the article is to explore the problems of the emergence of archetypal plots in world art and the universality of archetypal representations in fine arts and archetypes in Kazakh national art from a scientific point of view.

In the world of art, we observe stable repetitive plot, folklore, symbolic and poetic images, which acquire original variability in Kazakh fine art. Their interpretation is based on the psychological concepts of the archetypes of Z. Freud and C. G. Jung, which makes it possible to trace the mechanisms of sustainable reproduction of these images in the works of artists from different eras – from the past to the present.

Materials and methods of research. The methodological basis of the study is based on an interdisciplinary approach that combines the methods of art history, cultural studies, psychoanalytic theory and comparative analysis. In his work, he relied on the classical concepts of psychological analysis of Z. Freud, K. G. Jung, based on the theories of the unconscious, archetypal structure, and symbolism in art. These theoretical provisions make it possible to consider the artistic image as the result of the interaction of unconscious mental mechanisms and cultural and historical experiences.

Compositional analysis helps to compare the universality of figurative art and archetypes in Kazakh National Art.

Keywords: archetype, universality of art, mythology, fine art, image, plot.

For citation: Orazkulova K.S. The problem of the origin of archetypal subjects in art and archetypal manifestations in the visual arts // MUSEUM.KZ. 2025. №4 (12), pp. 108-116. DOI 10.59103/muzkz.2025.12.10

Кіріспе. Бізге белгілі, сюжеттер, мотивтер, поэтикалы образдар мен символдар фольклорда, әдебиет пен өнерде үнемі қайталанып тұрады және олар неғұрлым көне немесе архаикалы шығармашылық болған сайын, соғұрлым олардың қайталануы қоюланып күшейе түседі. Дегенмен, өте ертеде қалыптасқан поэтикалы қиялдар арсеналынан алынған, дәстүрлі сюжеттер, көркемөнерде қазіргі уақытқа дейін басым болып келеді. Көптеген дәстүрлі сюжеттер Батыста–библиялық және антикалық мифке терең бойласа, Қазақстан көркемөнері – көне Тәңірлік және мұсылмандық, т.б дүниетанымдық түсініктер қазақ көркем өнерінің қайнар көзі болмақ. Дегенмен, нақты дәстүрдің, ұқсас кейбір діндердің арғы жағында барлығына бірдей етіп жіберетіндей және бір-бірімен байланыстыратын, тіпті ортақ, өте алып қуатты архаикалық миф орналасқан.

Талқылау. Әдебиеттегі архетипті сюжеттерді зерттеуші Е.М. Мелетинскийдің пікірінше, қазіргі кездегі көркемөнерде көбіне *бейсаналықтан туган*, құрылымы архаикалы және мифке ұқсас элементтер кездесіп тұрады [Мелетинский, 1976: 170]. Ол, адам психологиясының мәңгілік қозғаушы күшін айқындау тәсілі бола алатын мифті көркемөнердің қайнар бастау көзі ретінде емес, оның мәні деп қарастыруға бола алады. Олай болса, мифология мен дәстүрлі сюжеттің ең алғашқы теориялық себебін ашып көрсетуде,

оларды XX ғасырда жеке тұлға психологиясының жекелігінен түсіндіруде пайдалану және философиялық, этнологиялық концепциядан басқа да, әсіресе көп жағдайда алғаш фрейдтік, юнгтік психоанализде кездестіре аламыз.

Біздің білетініміз, З. Фрейд мифтік сюжеттен, ата-анаға бағытталған қарама-қарсы ашық жыныстық сексуалды құштарлықты және ол соның салдарынан сана астынан ығысып шығатын, ертегілер мен әдебиетте жасырын бүркемеленген аллегориялы бейнелерді шығарды [Фрейд, 2003: 151].

К.Г. Юнг З. Фрейдтің жеке тұлға «комплексіне» ұжымдық «архетиптерді» қарсы қойды. Юнг пен оның ілімін ұстаушылары (К. Кереньи, Дж. Кемпбелл, Э. Нойман және т.б.) әлем халықтар мифологиясын әдебиеттегі жаңғырық деп санады. Юнг архетипті көбіне ұжымдық бейсанада өмір сүретін, «биологиялық» жолмен берілуі мүмкін, қандай да бір тәсімді құрылған образдардың алғашқы құрылымы және ол объектіні белсендіре түсетін, шоғырлана жинақталған қуатты спихикалық энергия деп түсінді [Юнг, 1991: 62]. К.Г. Юнг архетиптің аллегориялық сипатынан гөрі (З. Фрейд) метафизикалық, яғни символды сипатын айқындай түседі.

К.Г. Юнг ең негізгі архетиптерге «ана», «бала», «көлеңке», «анима», «анимус», «дана қарт», «дана кемпірді» жатқызады. «Ана» мәңгі және бейсаналы стихияны білдіреді. «Жас нәресте» ұжымдық – бейсанадан шығатын алғашқы жеке адам санасының оянуының рәмізді белгісі. «Көлеңке» – сана табылдырығында қалған бесаналықтың бөлігі, ол алып екі жақты бейнелі құбыжыққа ұқсас; «анима» ер адамдар үшін, «анимус» әйел адамадар үшін қарама-қарсы образдар, олар жеке тұлғаның бейсаналы бастау көзі болып табылады, ал, «дана қарт» пен «дана кемпір» – қартайған шақтағы жан аумағының саналы және бейсаналы жақтарын үйлесімдіке әкелетін, жоғарғы рухани синтез. Бірден көзге түсетіні, юнгтік архетиптер, біріншіден, образдарды, персонаждарды, ең жақсысы – рөлдерді, жоқ дегенде, сюжеттерді ұсынады, екіншіден, ең бір мәндісі, бұл архетиптердің барлығы негізінен, К.Г. Юнгтің «жекелену» үрдісі деп атайтын бөлігін білдіреді, яғни жекелік сананың ұжымдық-бейсаналық санадан біртіндеп бөлініп шығуы, адам бойындағы саналы мен бейсаналы қатынастардың өзгерісі немесе өмірінің соңына дейін жүріп өтіп, толық үйлесімділік табуы. Бұл жағдайда, ұжымдық-бейсана шын мәнісінде жекелік-санаға қарсы келеді және біз бастапқы кезден бастап, ұжымдық-бейсана көлеңкесінен жұлып алып шығатын, жеке психологияны айтамыз. Бұл алғашқы қауымдықтан біздің қазіргі кезге дейінгі жағдайымызды ешқандай да өзгерте қоймайды.

Осылай дей келе, психологияның тарихи дамуынан алып қарастырар болсақ, онда модернизация мен архаизацияның араласуы орын алады. Осылардан басқа, К.Г. Юнг бойынша архетиптер, бейсаналы руханилықты сыртқы дүние образында суреттейді. Қандай да бір жағдайда мұнымен келісуге болады, бірақ өмірдегі тәжірибеде, мифология толығымен психологиямен тура келеді, ал бұл мифологияландырылған психология жеке саналы өмір сүруде оянған, жанның өзін-өзі суреттеуі, тек бейсаналы мен саналы жеке бастаулардың біртіндеп үйлесімділік табу үрдісі, жеке жоғарғы «самостан» «персонаның» («маска») ішкі жағына бағыттала ауысуы. Дегенмен, негізінен қоршаған дүние жанның күйін метафоралы айқындауда тек кейбір шындықты ғана жеткізе алады. Тіпті мифтегі дүниенің жаратылуы юнгтер үшін адамның біртіндеп имансипациялануы, «мен» туылу тарихына ұқсайды, Жарықтың таратылуы тек жарықты сезіну мағынасында ғана. Сондай ақ мифтегі героикалық соғыс (дракондармен), саналы «меннің» бейсаналықтан бөліну интерпретациялануы [Юнг, 1991: 151-160].

Адамның ішкі жан дүниесі мен оны қоршаған табиғи орта және қоғамдық орта – жанның бейсаналы мен саналы қатынасына қарағанда, мифопоэтикалықтан аса қоймады; сыртқы дүние – ішкі кереғарлықты суреттейтін тек материал ғана емес, дегенмен миф пен ертегілерде адамның өмір жолы жеке тұлға мен қоғамдық, космостық қатынастарда бейнеленеді және олар саналы мен бейсаналылықтың конфигурациясы немесе гармонизациясы деп ойлауымызға болады.

Егер де біз көне архаикалы мифологияға көңіл аударар болсақ, онда біз біріншіден, алғашқы қауымдық кезеңдегі адамның табиғи және қоғамдық ортамен тығыз байланыста

болатынын және адам өзін табиғи ортадан бөліп қарастырмағанын көреміз; дәл осыған байланысты табиғат көбіне адам келбетті болып келеді деп ойлаған, мысалыға айтар болсақ, ғалам (космос)-алып дәу, аспан әлемі – құдайлар мен геройлар және т.б., ал адамзат қоғамы керісінше көбіне табиғи терминде суреттелген (анимизм, тотемизм және т.б.). Алматы маңында таңбалы Тамғалы бұйратынан табылған тасқа қашалған құдай тұлғалары күн дидарлы, адам тішінді болып келуі осының бір айғағы. Ұзақ уақыт бойы адам өзін қоғамнан жеке тұлға ретінде бөліп алып қарамаған. Осыған байланысты, мифтік геройлар жеке тұлғаға дейінгілер деп саналады. Көптеген мифтерде табиғаттың түрлі аймақтарын немесе оның белгілі бір бөлігін (орман, өзен) рух-иелерімен рухтандырса, ал орта, яғни адамдар қоғамы, өздерін ру-тайпалармен субъективті түре рухтандырады, оларды алғашқы ата-бабалары деп біліп, алғашқы ата-бабалар келбеті – демиуртер-мәдени геройлар деп санайтын, көне мифологиялық персонаждармен ойлайды.

Бұл тіршілік иелері ешқандай да «мен» деген жеке тұлғалық сана-сезімге жатпайды, ол адамның бастапқы кезін моделдейді. Адамзаттың өз тайпасымен сәйкес келуі, немесе бұл басқалармен («адам еместармен») біріктіріп жібереді. «Мәдени геройлармен» қатар, үнемі оның ағайын туысқаны немес сыңарының, басқа ипостасиясы, тіпті оның өзінің екінші натурасы ретінде, шут бейнеде мифологиялық плут-трикстер шығады. Тиркстер, Ғаламды жарату әрекетінде, дәстүрлер және мәдени білімдерді енгізуде, мәдени геройларға ұқсас қайталайды, мысалы, тау рельефтері, жабайы аңдар, өздеріне жау тайпалар («адам емес»), өлімді білдіреді. Сонымен қатар, трикстер өзінің тойымсыздығын қанағаттандыру үшін басқа қауым мүшелеріне зиянын келтіре, түрлі нәрселерді жасауға бейім. Бұндай «индивидуальдылық» әрекетке бастаған бағыт олардың қолынан үнемі келе бермейді, сондықтан олардың шешу жолдарын қарастырады. Мәдени герой – жағымды геройдың алғашқы образы, ал тиркстер – антигеройдың алғашқы образы. «Мәдени геройлар» құдайлар мен батырлар эпостарында кездесетін тарихи образға дейінгі образы. Тиркстерден бастап ертегілердегі қуларды, аңдарды және қу, сұм, зұлым кейіпкерлерді бейнелейтін романдарда созылып байланыс тауып жалғасып жатады. Мысалы, қазақ ертегілерінде, эпостық жырларда кездесетін қу, сұм жалмауыз кемпірді, мыстанды осыларға жатқызуға болады.

Жоғарыда ескерткендей алғашқы ата-бабалар – димург мәдени геройлары тотемизммен байланысты. Осыған байланысты жан-жануарлар аттары, мысалы, Қасқыр, Түлкі, Қыран құс, Тазы ит және т.б. шықты. Бірақ бұлардың барлығы де антропоморфты.

Батыр тұлғалы мәдени геройлар қазақ және кейбір эпостық жырлардағы персонаждар, хаосқа қарсы тұра, адамның бейбіт өміріне кедергі жасаған, хтоникалы жын періге, «кереметтерге» қарсы соғысатын, Ғалам күші болып саналады. Бұл геройлар өздері «адамнан тыс күшке ие бола тұрса да», олар көп жағдайда жекеге айналуға дейінгі және Ғаламның табиғи-қоғамдық-реттелуінің ұжымдық бастамасын білдіреді.

Миф тақырыптар магистральдылығы, архериптің фундаментальдылығы құдай рухымен рухтанған заттарды, табиғат пен мәдениет элементтер «жаратушысы» болып саналады және олар (элементтері) сихырлы туылады.

Мифтің спецификалық ерекшелігі, дүниенің және қоғамның жаратылу элементтерін әңгімеп баяндап, дүниенің моделін суреттеп беру. Дүниенің пайда болуы оның реттелуімен, Ғаламның хаосты жеңуімен толықтырылып тұрады және бұл Ғалам – ешқандай да аллегория емес, ал Хаос болса – ұжымдық-бейсаналы аллегорияға жатпайды.

Е.М. Мелитинский: «Дүниенің реттелуі, Космосты Хаостың күшті-кереметтері демондарға және т.б. қарсы күресі, бұл күресте геройлар мифтерде суреттеледі» [Мелитинский, 1976; 169], – деп бұны да архетиптердің негізгі түрлерінің біріне жатқызады. Жаратылу архетиптер түлері және геройкалы мифтердің жалғасы болып, Космостың Хаосты жеңген кезі, яғни дүниенің соңғысы - эсхатологисті мифтер болады, яғни олар «терісін айналдыра» жарату мифтері, сондай ақ табиғаттың қайта жаңарып отыру мен құдайлар мен геройлардың қайта туылып өзгеріп отыруы туралы **календарлы мифтер** (жаңару/қайта туылу). табиғат пен социум арасында тұрған, ұрпақтың жаңаруы, ескі патшаның орнын жас патшаның алмастыруы деген сияқты мифологиялық тақырыптар, осыған жатады. Бұл

алмастырулар көбіне Хаостың (старшее поколение) Космоспен (жас буынның) күресі және олар жас геройлардың табысқа жетіп жүріп өтуі.

Келесі архетип образға уақытша жануарлық терісін тастап, «керемет әйелге үйленуді» жатқызамыз және бұл бүткіл кереметтігімен экзогемді, яғни басқа руға үйленуді бекітеді. Бұл мифтердің ешқандай да психологиялық талдауға келмейтіне байланысты, бұл архетипті бірдей ру адамдарының үйленуіне тыйым салатын инцестуальды үйлену процессін айқындайтын, рулық қоғамды құрушы миф түріне жатқызады. Инцестегі архетиптің екі жақты аспектісі осында. Қазақ салт-дәстүрінде кең таралған қоғамды құрушы миф. Демек, дәстүр адамның дүниетанымымен астарлас, ол ғасырлар қатпарынан бізге жеткен салт пен дәстүр әлеуметтік психологияның негізгі саласы.

Осылай дей келе, мифтердің және архетипті сюжеттердің шығу тегі тек ұжымдық бейсанадан ғана бастау алмайтынына көз жеткіземіз, дегенмен ол Ғалам мен қоғамға бағытталған, олар Ғалам мен қоғамды неғұрлым жақындата алатын күші бар, қоғамдық бейсаналы, саналы ғаламды және мифтік геройлардың жекеленуге дейінгі, қоғамды модельдейді.

Героикалы мифтердегі архетипті батылдық мінезді тек белгілеп қана қойса, ал батырлар эпостарында тек қана батылдық және табандылықтан басқа, өркөкіректік, қаһарлы, қыңарлық, өзінің күшін асыра сілтеуге бейімділік және т.б. мінездер толық қалыптасады. Қыңырлық, батырлар мен жаратушы, құдайлар арасында дау тудырса, бұл олардың өздеріне тән еркшелігін айқындай түседі, бірақ бұлар кенеттен және нағыз табиғи жолмен шешіледі. Өйткені бұл «адамнан тыс», батырлар ең алдымен рулық-тайпалық ұжымды білдіреді; олардың жеке сезімдері, «санасы» немесе «тәртібі» өзіне тәуелді бола алмайды, ол қоғамдық мүдде мен эмоцияға тура келеді. Жеке қыңырлықтың қоғам фонында эмпирикалы-гармониялы – батырлар образының ең маңызды спецификасы осында. Эпостарда кездесетін бейнелер қоғамды ғаламнан тыс, тайпалық, рулық, тіпті мемлекеттік келбеттен шығарады.

Демек, архетиптік образдар ілкі замандағы (мифтік) дүниетанымдық және дүние туралы түсініктің қалыптасу уақытындағы (кезеңіндегі) ең алғашқы қарапайым сананың қалыптасу кезіндегі бейнелер. Талдау жасау барысында ол бейнелеу өнерінен жақсы байқалады. Сондықтан бейнелеу шығармашылығындағы суретшілердің кенеп бетіне түсірген өз ойлау бағытын дәл сол түсінікте қабылдау және оның терең мазмұны мен мағынасын түйсіну үшін архетип образдарды қолдануымызға болады.

Архетип (грек. Arhetypos – көне, ең алғашқы түр, образ; Arhe - бастау және typos – пішін, үлгі) – шығармашылықтағы белсенділікті қалыптастыратын алғашқы идея, алғашқы образ (прообраз). Көркем өнердегі «архетип әрекет» деп шындық болмысты түйсінудің, дүниетанымның және дүние туралы түсініктің белгілі бір тарихи уақытта қалыптасқан түрі қарастырылады [Власов, 2000: 435].

Архетип терминін алғаш рет 1910 жылы психолог К. Г. Юнг өзінің аналитикалық психологиясында қолданды. Қазіргі уақытта «архетип» көркем сынға талдау жасаудың негізгі құралына айналып отыр.

Еуропалық өнер тарихы адамның шығармашылық ойлауының түрлі архетиптерін қалыптастырды. Олар кейде бір-біріне қарама-қарсы да болып келеді. Мысалы, ескі архаикалық мәдениетке тән ойлау типі синкретті қарадүрсін-натуралистік ойлау; антикалық классика кезеңіне тән ойлау – рационалды-идеалистік; орта ғасырға тән ойлау – иррационалды-мистикалық; өнердің барлық типтерінің тарихи дамуының соңғы дағдарыстық кезеңдерінде формальды-декоративтік ойлау басым болды. Өнер тарихындағы екі үлкен бағыт «классицизм» мен «романтизм» адамның ойлауының рациональды және мистикалық болғанын көрсетеді. Осындай ойлау типтерінің басым болуы әр кезеңге тән көркем шығармашылықта көрініс тапты.

Архетиптік ойлаудың ауысуы суретшілер шығармашылығындағы талғам мен қызығушылықтың өзгеруіне әкелді. Дегенмен, архетиптер көркем шығармаларға баға бермейді, олар жақсы да, жаман да емес, дәлірек айтқанда, олар көркем өнердің тарихи дамуын қамтамасыз етіп тұратын көпір тәрізді. Тарихта белгілі архетиптер дәл тарихтағы

көркем формаларды қабылдау процессінде мағынаға ие болып, оны түсіндіреді, сондықтан да ол барлық кезде актуальды.

Соңғы кездерде жарық көріп жүрген әдебиеттерде бейнелеу өнерінде кездесетін мынадай жалпы архетиптерді атап көрсеткен:

1. Құдай (бұл барлық өнер түрлеріне тән).
2. Геометриялық символдар, эзотериялық белгілер құпиясы [Ерғалиева, 2002: 437].

XX ғ. қазақ кескіндемесінде көркем образдар, ұлттық ойлау және түйсінуді ерекшеліктері, этномәдени дәстүрлер мен түпкі болмыс қазақ суретшілер шығармашылықтарында барлық ұрпақ кезеңдерінде көрініс тапқан. Олар XX ғ. Қазақстан кескіндеме бітімі мен рухани қалыптасуына өз әсерін тигізді және әсер ете береді дей келе Р. А. Ерғалиева өз монографиясында бейнелеу өнері архетиптеріне байланысты тақырыптық циклдарды ұсынады:

1. Дала – қазақ табиғатының классикалық үлгісі.
2. Ұлттық ойындарға байланысты тақырыптар.
3. Аруаққа – аталар рухына табыну.

Яғни Қазақстандағы суретшілер өз шығармаларында осы тақырыптарға үнемі оралып, жаңа бір қырынан ашуға тырысқанын көркем бейнелеу үлгілерін салыстыру барысында көре аламыз.

Әрбір архетиптің тұрақты мағыналары, тіпті ген арқылы беріліп, табиғи процесстер арқылы қалыптасады. Бейнелеу өнеріндегі сюжеттердің семантикалық тереңдігіне тоқталсақ, онда біз мазмұн мен мағына ген арқылы беріліп, дәстүрлі жалғасып жататын архетип схемалардың трансформациясын көреміз. Мұндай архетип образдардың берілуі бейнелеу өнерінде ұлттық спецификалық стильді қалыптастырады.

Архетип образдар өзінде жеке мен жалпылық жиынтығын алып жүреді. Сондықтан барлық шығармашылық идеялар бірдей тақырып пен сюжеттердің түрлі вариацияларынд қайталанып тұрады.

Мысалы: қазаққа тән архетиптік ойдың бірі деп қонақжайлықты алып қарастырайық. Қонақжайлық қазаққа ұлттық дәстүрмен тығыз байланысты. Дәстүр бойынша қонақ үйге кірер кезде есікті үй иесі өзі ашады, ал шығар кезде есікті қонақ өзі ашады. Кезінде киіз үйге кірген қонақ аузына ешнәрсе салмай кіріп, шыққанда тамақтың бірін аузына сала шыққан [Шүлембаев және т.б., 1998].

Бейнелеу өнерінде қонақжайлықты дастархан арқылы көрсеткен. Дастархан көбіне дөңгелек болып келеді, дөңгелек форманың өзі адамдарды дастархан басына жинап, бірлікке, кеңпейілділікке шақыруды білдіреді. Осы тақырыпқа байланысты С. Айтпаевтің «Қонақ келді» (1969), А. Ғалымбаеваның «Дастархан» (Бейбітшілік триптихінің оң жақ бөлігі, 1975) және т.б. суретшілердің шығармаларын атап айтуға болады.

Р.А. Ерғалиева ұлттық дәстүрді және кескіндемеде көркем шығармалар менталитетінің ерекшелігін қалыптастырған алғашқы суретшілер А. Қастеев, А. Исмаилова дей келіп, XX ғасырдағы Қазақстан бейнелеу өнерін төмендегідей кезеңдерге бөліп көрсетеді:

1. 1950 жылдар – ұлттық көркем мектептердің қалыптасу кезеңі. Бұл кезең К. Тельжанов, М. Кенбаев, С. Мәмбеев, К. Шаяхметов, Ж. Шарденов, Р. Сахи және т.б. кәсіби шеберлікке машықтанған дарынды суретшілердің келуімен байланысты.

2. 1950-60 жылдардың соңы – суретшілер өз идеяларын алға тартқан жаңа бағыт. Бұл уақыт С. Айтпаев, Т. Тоғысбаев, Ш. Сариев, А. Садыханов, О. Нұржұмаев шығармашылықтарымен байланысты.

3. 1970-80 жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнері кескіндемеде жаңа пластикалық тілді қолданумен ерекшеленеді. Бұл кездің суретшілері К. Муллашев, Е. Төлепбай, Б. Түлкеев, К. Ахметжанов, Д. Алиев. Суретшілерде Еуропалық принциптер жеке мен даралану бастауларының әсері басым болды.

4. 1980-90 жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнерінде дәстүрлі мотивтер, түсініктер, тақырыптар, сюжеттерді трансляциялау басым болды. Бұл кезеңнің ең танымал суретшілері Б. Бапишев, Г. Маданов. Б. Бапишев «Ұмай» (1988), «Көк бүркіті» (1989), «Төрт пайғамбар»

(1989) және т.б. шығармалары түрік архаика негізінде салынған. Ал Г. Мадановтың «Архетиптер» (1992), «Әлемдік таудың туылуы» (1996), «Атаусыз» (1992-94) атты шығармалар сериясы тұрақты, дәстүрлі мотивтер динамикасын көрсетеді.

Бейнелеу өнерін кезеңдерге бөліп қарастыру архетиптік образдарды жіктеуге, талдауға көп септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Жоғарыда аталып өтілген Р.А. Ерғалиеваның еңбегінде Қазақстан бейнелеу өнеріндегі дәстүрлі дүниетаным көрінісі төмендегідей динамикада беріледі:

- адам мен табиғаттың біртұтастық дәстүрлі концепциясы интуитивті көрінісінен және дүние біртұтастығы мен оның санада қабылдануынан осы модельдің интеллектуальді және рационалды реконструкциялануына қарай жүруі;
- фольклорлық дүниетаным, ұлттық этика және психологияның трансляциясынан ертедегі архаикалық мифологиялық образдардың өнерде қайта жаңғыруына дейін;
- адам немесе қоғамға қатысты дәстүрлі критериилерден көркем шығармалардағы суретшілердің болмысты фундаментальды дүниетанымдық негіздерін түсіну барысында олардың мағынасының кеңеюіне дейін;
- өзіне-өзі сыртқы ұқсастықтан ментальді, өзіндік таным деңгейіне дейін;
- латентті формалар мен басқа елдерге тән көркем дәстүрлердің тәсілдерін іске асырудан сананың дәстүрлі бастауларына сәйкес келетін, бірақ өзіндік ерекшелігі бар бейнелеу тілін қалыптастыруға дейін.

Соңғы кездері қазақстандық өнер зерттеушілер де суретшілердің шығармаларын талдауда архетиптерді бөліп көрсетуде. Мысалы, А. Галымжанова С. Айтбаевтың шығармаларын төрт кезеңге бөліп қарастырады:

1. Ою-өрнектік («Қонақ келді» (1969), «Әке портреті» (1970)).
2. Кубтік («Әке портреті» (1974), «Түйелер» (1976)).
3. Кеңістіктік («Арал кеші» (1989), «Мединенің портреті»).
4. Декоративті-сәндік («Арал кеші» (1989), «Мединенің портреті»).

Сонымен қатар С. Айтбаев шығармаларының композициялық ерекшеліктерін ескере отырып – ошақ, үй, дастархан, жер, мал сияқты архетиптерді бөліп көрсетеді [Галымжанова, 2001: 239].

Жоғарыда айтылғандарға қоса біз қазақ ұлттық өмірінің өшпес ерекше белгілері (архетиптері) ретінде киіз үй, домбыра, ошақ - үйдің берекесі, шауып келе жатқан жылқылар, ұшы-қиыры жоқ даланы атап кеткіміз келеді. Қазақ ұлттық болмысының дәстүрлі көрінісі адам мен табиғаттың үндестігін көрсету арқылы берілетініне ерекше көңіл бөлу керек.

Көшпенділер табиғатпен бірлікте өмір сүрген. Сондықтан да табиғат пен адамды бір-бірінен бөлместен бүтін қабылдаған. Бұған мысал ретінде М. Кенбаев, К. Телжанов, С. Мәмбеев, К. Шаяхметов кенептеріндегі табиғат пен адамның бірлігін, байланысын және бір-біріне бағынышын бейнелеген шығармаларын айтуға болады.

1960-70 жылдары қазақ ұлттық өнерінің негізін салған қазақ суретшілерінің дәстүрін қазіргі кезде тәжірибелі және жас талантты суретшілер жалғастыруда. Олардың шығармаларында ұлттық дәстүрлі дүниетанымдық түсініктер мықтап орныққан деп айтуымызға да болады. Дәстүрлі өнер дегенде қатып қалған «канонды» түсінбеу керек, ол керісінше өміршең, жаңа кезеңге өзінше жауап бере алатын өнердің қайнар көзі.

Қорытынды. Жалпы жоғарыда айтылған архетиптердің қалыптасуы дүниетанымдық түсініктермен тікелей байланысты. Қазақ халқы осы уақытқа дейін түркі және мұсылман дүниетанымындағы түсініктерді қатар алып келеді. Дегенмен қазақ дүниетанымын ертеректегі Тәңірлік дүниетаным кезінен қарастырған дұрысырақ.

Қазіргі кезде Қазақстан бейнелеу өнерінің даму барысы ұлттық бастаудан, яғни тұрақты дүниетанымдық және тарихи қалыптасқан ұлттық архетиптік образдардың негізінде қалыптасты деп қорыта аламыз.

ӘДЕБИЕТ

Власов В.Г. Большой энциклопедический словарь изобразительного искусства. В 8 т. Т.1. СПб.: ИТА, 2000. 864 с.

Ергалива Р.А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Живопись. Скульптура. Алматы: НИЦ Ғылым. 2002. 183 с.

История и культура Центральной Азии и Казахстана: Исследования молодых/эксперты: К.Ш. Шулембаева, С.Е. Жусупова, В.Г. Данилкин. Алматы: аль-Фараби. 1998. 216 с.

Ғалымжанова А. Экзистенциальные мотивы в работах С. Айтбаева как манифестация идеи свободы художественного творчества, // Поиск - Изденіс. №2. 2001.

Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеністік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері. Алматы: Ғылым-өлке, 1998. 192 б.

Ғалымбаева А. Альбом. /Текст авторы және альбомды құрастырған И.А. Рыбакова. Алматы: Өнер, 1981. 108 б.

Гачев Г. Национальные образы мира: общие вопросы. Москва: Советский писатель, 1988. 448 с.

Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. М., 1976.

Фрейд З. Тотем и табу //Фрейд З. Я и Оно: Сочинения. Москва: Издательство «Эксмо»; Харьков: Издательство «Фолио», 2003.

Юнг К.Г. Архетип и символ: (перевод \ Предисл. А.М. Руткевич). Москва: Ренессанс, 1991. С. 5-22.

REFERENCES

Vlasov V.G. Bolshoi entsiklopedicheskii slovar izobrazitel'nogo iskusstva. V 8 v. Vol. 1. Sankt-Peterburg: LITA, 2000. 864 p. (In Russian)

Ergaliva R.A. Etnokulturnye traditsii v sovremennom iskusstve Kazakhstana. Zhivopis. Skulptura. Almaty: NITs Gylym, 2002. 183 p. (In Russian)

Istoriya i kultura Tsentralnoi Azii i Kazakhstana: Issledovaniya molodykh / eksperty: K.Sh. Shulembaeva, S.E. Zhushupova, V.G. Danilkin. Almaty: Al-Farabi, 1998. 216 p. (In Russian)

Galymzhanova A. Ekzistentsionalnye motivy v rabotakh S. Aitbaeva kak manifestatsiya idei svobody khudozhestvennogo tvorchestva, //Poisk – Izdenis, №2, 2001. (In Russian)

Baizhitgitov B.K. Beineleu onerinin filosofiyalyk maseleleri: Kenistik pen uakyt yrgagyndagy turakty suret ulgileri. Almaty: Ghylym-olke, 1998. 192 p. (In Kazakh)

Galymbaeva A. Albom, / Tekst avtory zhane al'bomdy kurastyrgan I.A. Rybakova. Almaty: Oner, 1981. 108 p. (In Kazakh)

Gachev G. Natsionalnye obrazy mira: obshchie voprosy. Moscow: Sovetskii pisatel, 1988. 448 p. (In Russian)

Meletinskii E.M. Poetika mifa. Moskva, 1976. (In Russian)

Freud, S. Totem and Taboo // Freud, S. The Ego and the Id: Works. Moscow: Eksmo Publishing; Kharkiv: Folio Publishing, 2003.

Yung K.G. Arkhetip i simvol (peredisl. i perevod A.M. Rutkevich). Moscow: Rennessans, 1991. 5-22 pp. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Оразқұлова Қалдыкүл Серікбақызы – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (050000, Алматы қ-сы, Панфилов, 127, Қазақстан), философия ғылымдарының кандидаты. E-mail: orazkulova.ks@gmail.com

Сведения об авторе: Оразкулова Калдыкуль Серикбаевна – Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова. Алматы, Казахстан. (050000, Алматы қ-сы, Панфилов, 127, Қазақстан), кандидат философских наук. E-mail: orazkulova.ks@gmail.com

Information about the authors: Kaldygyul S. Orazkulova – Kazakh National Academy of Arts named after Temirbek Zhurgenov. Almaty, Kazakhstan. (050000, Almaty k-sy, Panfilov, 127, Kazakhstan), candidate of philosophical sciences. E-mail: orazkulova.ks@gmail.com

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.11.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 14.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.11.2025.

